

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Г. Е. Алтаева**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: gauharaltaeva@mail.ru

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ, АЗАТШЫЛ ИДЕЯМЕН САБАҚТАСТЫҚ

Қазақ ағартушылығы ел азаттығының басты белгілерінің бірі ретінде білім мен ғылым арқылы ұлтты ағарту жолымен еркіндікке ұмтылу, санасын ояту идеяларын көтерді. Осындай идеялар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында да айтылады. Білім мен оқудың мәнін ерте ұққан, ұлт үшін келешек бағының ғылымда екендігін түсінген ақын өз өмірі туралы жазылған шығармаларында да білімді насихаттайды. Оқу-білім, ғылымды Мәшһүр Жүсіп мал тауып, адамның материалдық игілігін көтеретін байлық деп те, рухани жан дүниесін ашатын адамшылық көзі деп те алады. Ақын мұсылман дінін елді ізгілендіру, халықты жақсылыққа бастау құралы етуді мұрат етеді. Дінді қазақ қоғамында қалыптасқан үлгіде тек әдет-ғұрыптық жағдайда пайдалануды емес, білім мен ғылым негізі деп қабылдайды. Қаламгердің ағартушылық ойлары надандықты жоюдан гөрі, әлдіден қорғану, халықтың жұрт ретінде еркіндігі деген ойға бастайды. Мақалада білімді басшы туралы ойларының да қоғамдық ойдағы маңызына көңіл бөлінді. Мәшһүр Жүсіптің «ұйқы» символының стильдік белгілері ашылды. Мәшһүр Жүсіптің ағартушылық тақырыптағы туындылары өз кезеңіндегі қоғам бейнесін, қажетін ашатын тақырыптар болуымен маңызды екені дәлелденді.

Кілтті сөздер: ақын, ағартушылық, дін, білім, ғылым, ұйқы, басшы, тілектестік.

Кіріспе

Қазақ әдебиетіндегі ағартушылық идея біртұтас ұлттық идеяны жинақтауымен ерекше болды. Ағартушылық идея негізінде ел мен жер бүтіндігі, азаттығы туралы тұжырым анықталды, дамыған, өркендеген ел болудың алғышарттары жасалды. Қазақ әдебиетіндегі XIX ғасыр соңы мен

XX ғасыр басындағы ағартушылық идеяның ой-тұжырымдары, көріністері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туындыларында да өз ерекшелігімен, ақынның мақсат-мұраттарының өзегімен сабақтаса көркем кестеге түскен. Біз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларын талдау арқылы ақын ұстанымдарындағы ағартушылық және азатшыл идеяның алғышарттарын, сабақтастығы мен мұраттастығын анықтаймыз.

Материалдар мен әдістер

Мақаладағы негізгі ойды анықтауда талдауға материал ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал» шығармаларын алдық. Ақынның ағартушылық идеямен сабақтастығы мен осы бағыттағы ортақ мұратты тірек еткен ойларын анықтауда әдеби талдау, салыстыру әдістері таңдап алынды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының ағартушылық идеямен байланысы қоғамдық өзгерістер мен тарихи жағдайлар, оқиғалар хронологиясы арқылы талданды.

Нәтижелер мен талқылау

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының танымал тұлғаларының бірі. Бұл кезең түркі халықтары, соның ішінде қазақ елі үшін өркендеу мен дамудың жаңа бағытын белгілеген кезең болуымен айрықша. Елдің өркендеуі, халықтың азаттығы, ой еркіндігі идеясын көтерген Мәшһүр шығармалары өз кезінің саяси, мәдени, әлеуметтік ой-тұжырымдарымен байланысты болды.

Қазақ қоғамының өткен ғасыр басындағы саяси, мәдени, әлеуметтік өміріне өзгеріс әкелген жаңалықтар мен идеяларды ел тірлігімен, халық тұрмысымен, болашақ дамуымен, әлемдік өркендеумен байланыстыра қарастырып, оның жаңа бетбұрыс бағыттарын анықтаған Алаш қайраткерлерінің ағартушылық ой-тұжырымдары публицистика, ғылым, әдеби үлгіде де молынан жазылды.

Алаш қайраткерлерінің ағартушылық идеясы тек қазақ қоғамымен ғана емес, әлемдік, түркі халықтарындағы рухани өзгерістермен де байланысты. Қазақ қоғамындағы шаруашылық, мәдени, әлеуметтік тақырыптарды қозғай отырып, оны ел еркіндігімен байланыстырған Алаш идеясының ұстанған басты бағыты – оқу-ағартуды қоғамның шаруашылық-экономикалық, рухани салаларымен бірге алды. Оқу-ағарту қазақ қоғамы үшін ел санасын көтеріп, өзгемен тең ететін еркіндік жолы еді. Сондықтан да осы бағыттағы ой-тұжырымдарды Мәшһүр шығармаларынан да табамыз.

Оқу-ағарту тақырыбы – Мәшһүрге жақын тақырып. Ақынның білім жолына алғаш қадам басуы бес жасынан басталады.

«Бес жаста ауызға алдым «Бисмиланы!»

һаптиек құран оқып, білдім мә-ні») [1, 3-б.].

Он алты жасында өзі де бала оқытады.
Бір дария орнаған соң көтере алмай
Ағалар он алтымда шықтым шөлге!
Екі жыл ел ішінде бала оқыттым,
Атамның бір насихат сөзін тұттым.
Бейһуда ғұмырымды бекер жойып,
Он жеті-дер шағымнан сөйтіп өттім [1, 5-б.].

Білім мен оқудың мәнін ерте ұққан, келешек бағының ғылымда екендігін түсінген ақын өз өмірі туралы жазылған шығармаларында да білімді насихаттайды. Ерте жастан білімге ұмтылған жастың тірлікте оқудан тапқан мол пайдасын айтады. Оқу-білім туралы Мәшһүр идеяларының басты ерекшелігі – білімнің екіжақты пайдасын қатар айтуында. Мәшһүр Жүсіп оқу-білімді мал тауып, адамның материалдық игілігін көтеретін байлық деп те, рухани жан дүниесін ашатын адамшылық көзі деп те алады.

«Ғылымның бір пайдасы туралы» деген қысқа насихат әңгімесінде де ғылымның маңызын ұқтырады. Он бес мұсылман, он бес көпір бір қайыққа мініп, дарияда жүзіп келе жатады. Қайық он бес кісілік екен. Содан қайыққа ауыр болып, қайық суға кететін жағдай болады. Осы кезде араларынан мұсылман ғалым шығып, жеребемен қайықтағыларды шыр айналдыра отырғызады. Санап, сан кімге келсе, соны суға тастауды шешді. Ғылымға жүйрік мұсылман қайықтағыларды отырғызғанда сан соңының кімге келерін дәл анықтайды. Сөйтіп, он бес көпірге сан келіп, оларды дарияға тастап, он бес мұсылманды мұсылман ғалым аман алып қалыпты дейді. Мәшһүрдің әңгімесінде ғылым мен білім адамды қысылғанда сақтаушы, қорғаушы деген идеяны береді [2, 212-б.].

Өнерге, ғылым-білім, болсаң жерік,
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.
Көп жұртты көз жасыңа қылсаң күә,
Табылар мұңлы-зарлы саған серік [3, 10-б.].

Ғылым мен білімнен кейін қалған қазақтың жайына күйінген ақын «қазақта отарба мен отқайық жоқтығымен» де береді.

Мәшһүр Жүсіп – діни сауатты адам. Ташкент, Бұқарадағы мұсылман мектептерінде білім алған. Мұсылман дінінің қағидалары мен тарихын қазақ танымына, түсінігіне лайықтап жеткізеді. Ақын «Мәшһүр Жүсіптің 21 жасында жазғаны», «Жер мен көк», «Қиямет ахуалы» қиссалары мен «Мифраж» дастанында мұсылмандықтың мәнін, Алланың тіршілік пен барша ғаламды жаратуы, тозақ пен жұмақ, Мұхаммед пайғамбардың өмірін жырлайды. Ақын бұл шығармаларында мұсылмандықтың шартын айтып, қағидаларын орындауды талап етпейді. Мұсылмандықтың басты мақсатын

ұғындыруды мұрат етеді. Мұсылман дініндегі әлемнің жаратылуы туралы, жалпы ғаламдық заңдылықтардың сырын түсіндіреді.

Мәшһүр Жүсіп мұсылман дінінің айтары да адалдық пен ізгілік, мейірім мен жақсылыққа ұмтылыс екендігін жеткізеді, дінді ел тұрмысынан бөлмейді. Сондықтан да өзінің өмірі туралы жырлаған тұста ақынның мұсылман дінін тануы мен оны өзінің өмірінің ұстанымы еткені анықталады. Шығармаларында да соны идея етеді.

Өзезіл, шайтан малғұн тіліне ерме,
Көзің жұм, не мақұрымның жүзін көрме.
Қайыр бер, бейшараға, ас пенен тон,
Дүниеде бір сағатлық ғапыл жүрме! [3, 7-б.].

Ақынның мұсылман дінін алға тартудағы мақсаты – қоғамға діннің айтар ізгіліктерін тарату. Осы ізгіліктер арқылы елдің жақсылыққа бұрылуын қалайды. Мәшһүр Жүсіп әр шығармасында ізгілік пен адамшылықты ғылыммен, біліммен байланыстырады. Ғылымды игерген, ақылды адамның ел бастауын, жұрт алды болуын тілек етеді.

Бұл заман сауыт қалған, қалам, сия,
Кеңестің шыңда тұрған, бәрі – қия
Қаратар бір аузына тамам көпті,
Ақылға болған адам Ніл – дария [3, 26-б.].

«Мәшһүр Алладан келген хабардың хақ екенін білсе де, өткінші дүниемен кіндік-тамыры жалғасып жатқан пенде ретінде мың құбылған заман мен тіршілікке «таусылған сабырмен» қарайды. Ақын ойы тепе-теңдік бұзылып, арыстан орнын – қасқыр, тазы орнын – төбет, көгаршын орнын – қарға басқанын, жалпы бас – аяқ, аяқ – бас болғанын барлап, алаңдайды, камығады» [4, 190-б.].

Дінді қазақ қоғамында қалыптасқан үлгіде тек әдет-ғұрыптық жағдайда пайдалануды емес, білім мен ғылым негізі деп қабылдайды.

Діннің мақсаты мен қоғамдағы қызметін білім, оқу ісімен байланыстырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қоғамдағы діннің қызметін адамшылықпен, тақуалықпен, тазалықпен сабақтастырып, оның адамдардың ізгілігіне қызмет етіп жүруін қалайды. Заманның өзгеруі бір ғана ел билеушінің ғана бұзылуы ғана емес, олардың өз мал-жанының садағасы етіп, дінмен жаманшылықтарын бұркеуін де сынайды.

Мәшһүр өз туындыларында мұсылманшылдықтың артықшылықтарын, қоғамдағы рухани мәнін насихаттайды. Дегенмен Мәшһүрдің өз шығармаларында да, фольклорлық жазбаларында да біржақты мұсылманшылықты асыра дәріптеу жоқ. Қазақтың ескі танымына негізделген заңдары мен жоралғыларының да қоғамды біріктіру мен ел бірлігін сақтаудағы

маңызын артықша бағалап отырады. Бұны ақын тек өлеңдерінде ғана айтып қоймай, жазба үлгілерінде де келтіреді. Абылай хан билік құрған замандағы қазақтың заң-жоралғылары туралы жазбасында ел дәстүріндегі заңның мәнісі мен мағынасын, маңызы мен елге тыйым болған жайын баяндап, соңында өз заманымен түйеді.

«Бұл заманда қозы жауырын, қой бұтты, қуық басты, үрген қарын сықылды домаланған билер жанға салған болады. Мешітке кіріп, аят оқып бер дейді. Ант айттырған моллаға жиырма тиын күміс жан садағасы деп береді: «тақсыр, жегеннің ішінде өзіміз де бар едік. Бұл заманда кемдігін кім беріп жатыр», – деп жүре береді [5, 166–167-66.].

Кез келген озық ой өзінен бұрынғы жасалған алдыңғы қатарлы идеяларды сызып тастамайтындығын, соның қоғамға қажет, уақытпен үндес келетіндерін жинақтап алатындығына Еуропа ағартушыларының да өз кезінде 1245 жылғы Магна картаның (Ұлы Хартия) гуманитарлық бағытын саяси басшылық пен халық арасындағы қарым-қатынасына қатысты мәселелерде кеңейткені дәлел болады. Бұны Cary Adkinson Structural Dimensions мақаласында келтіреді: «The Age of Enlightenment further extended the Magna Carta's humanitarian bias to questions concerning the relationship between political leadership and the populace» [6, 617–626-66.].

XX ғасыр басында Мәшһүр Жүсіп те халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинай отырып, ел дәстүріндегі үздік классикалық тұжырымдарды сақтау қажеттігін де ескерген.

XX ғасыр басындағы әдебиеттегі халықтың надандығын ұйқыдағы қалпымен теңдестіре алу көркемдік тәсілді қазақ ақындары кеңінен қолданды. Ұйқы қазақ ақындарының барлығы дерлік қолданған көркемдік тәсіл болды.

Ақынның «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітаптары 1912-1913 жылдары Ресей патшасының оқуға, таратуға тыйым салған кітаптары қатарында тәркіленеді [7, 497-6.]. Ақын бұл кітаптарында өзгелердің теңдікке ұмтылып, дін мен жерге ерік алуға құлшыныстарын жазады.

Бас – азат, дін мен жерге ерік беріп,

Манифест әрбір жұртқа шашып жатыр.

Қия алмай бір өзінен басқаларға,

Хакімдер залымдық қып басып жатыр [8, 117-6.].

Ақын өз заманының бар қайшылықтарын көркем сөзбен кестелеп қана қоймай, сол қайшылықтарды шешудің жолдарын да ашуға бағыт береді. «Ұйытқып соққан борандай» заманның ашыларына сенеді, «милләтке шам жағамын деген ерге» тілекші болады.

Ғалым Д. Қамзабекұлы: «Қаны бар қаламгер Абай секілді жаңа толқыннан елге тұтқа болатын азаматтардың шығуына мүдделі» екендігін

айта келіп, «Ақын үшін білімнің культі – надандықтан ағару емес, әлдіден қорғану» [9, 43-б.], – дейді. Ақынның «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты шығармасында қаламгердің қоғам ісін талдап, әр жаңалыққа баға беріп отырғандығын байқаймыз. «Көп арман газеттерде жазылып жүр», «Нақақтан құсаменен қан жұтқызып, Тұтқынға салған жоқ па талай ерді?!» деген жолдары қазақ тарихында өткен ғасыр басындағы ел еркіндігі, тәуелсіздігі жолындағы күрестердің суреттерін де береді.

«Хал-ахуалда» елге жақсылық әперетін ерлерге еру үшін білім керектігін айтады. Ақын үшін заманның ері – елдің болашағы мен жақсылығы үшін күресуші, «уағдасын бұзбайтын», «сый-құрметке қызбайтұғын» милләт пайдасын ойлайтын жан.

А. Байтұрсынұлы «Маса» жинағында «Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып», оятуды мақсат етсе [10, 64-б.], С. Торайғыров «ұйқысын ашпаса, надандықтан қашпаса» өзгеге мазақ болар [11, 59-б.], жайына күйзелді.

Ақынның «Қара өлең» деп аталатын өлеңінде өткен ғасыр басындағы қазақты ояту, санасын көтеру мұратын алға қойған шығармалармен мазмұндас келеді. Мәшһүр Жүсіп те ұйқыны – елдің бейғамдығының, өзгеден артта қалғандығының белгісі етіп қолданады.

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,

Айырылмай жақсы менен жаман парқы [3, 10-б.]

Ұйқы тек бейғамдықтың, қырсыздық пен жалқаулықтың белгісі ғана емес, жақсы мен жаманды айыра алмайтын надандықтың белгісі ретінде де алынады. Оянған халықтың ойланарына, болашағын болжарына сенеді. Сондықтан да ақын оянған халықты тек білім мен ғылымды насихат етіп қана қоймай, бірігу, ынтымақты ойланар шаққа бастайтын әрекет деп алады. Мәшһүрдің шығармаларында, дін мұсылман халықтарының бірігуін қалайтын тұстар көп.

«Баласы дін мұсылман ояныңдар» дейтін ақын тек қазақтың немесе бір ғана мұсылман жұртының оянуының тұтас Ресейге қарсы тұруына оңай болмасын айтады. Ақынның «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» деп аталатын жинақтарына шыққан өлеңдерінде қазақпен бірге Ресейді жайлаған өзге мұсылмандардың да оянуын қалаған тілегін көреміз.

Мәшһүр Жүсіптің «Тірлікте көп жасағандықтан көрген тамашамыз» деп аталатын кітабы 1907 жылы жарық көрген. Осы кітапқа енген өлеңдерінде ақын қазақ елінің дамуын мұсылман туыстас халықтармен бірге алады.

Пайданың ортасында өзі жатар

Залалға мейілінше арзан бізді сатар.

Ынтымақ қылыңыздар [дін-мұсылман] бас қосумен,

Мейлің қазақ, мейлің бол сарт пен татар [3, 11-б.].

Қазақтың қазыналы рухани игіліктерін жинақтап кейінгіге жеткізген Мәшһүр Жүсіптің көркем мұрасы – әдебиетіміздің баға жетпес қазынасы. Ақынның ел тірлігі мен қоғам жайына талдау жасаған ой-тұжырымдары «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» деп аталатын кітаптарында мол. Ақын ел жайын, елдің болашағын көп толғайды. Халықтың келешегіне алаңдайды.

Мәшһүр Жүсіп идеяларында дін мен ғылымды елдің еркіндігі мен саяси бостандығы үшін қолдану идеясы жалпы алғашқы ағартушылар ойларымен үндеседі. Алғашқы Еуропадағы ағартушылар қолданыстағы әлеуметтік және саяси істер сыни талдауға қарсы тұра алмайды. Қоғамдағы әлеуметтік және саяси билік миф пен түрлі құпияларға толы түсініксіз дәстүрлерді алға тартады. Сондықтан да ағартушылық кезең өкілдері бостандық пен теңдіктің саяси мақсат-мұраттарын тұжырымдауды, оларды институционалдық жағынан іске асырудың теориясын, саяси жүйе жүзеге асыруы және сақтауы қажет адам құқықтарының негіздерін, әр түрлі діни көзқарастарды құрметтеу үшін ізгілік қажеттігін анықтаған [12].

Ақын шығармаларындағы ел тағдыры жайындағы ойлары ХХ ғасыр басындағы Алаш ағартушылығымен өзектес, сабақтастығымен де маңызды. Мәшһүр Жүсіп ағартушылық ой-тұжырымдарын талдай келіп, келесі қорытындыларды жасаймыз. Ақын, фольклор үлгілерін жинаушы, діни сауатты, жан-жақты білімді Мәшһүр Жүсіп шығармаларында қазақ қоғамының ағартушылық бағытының ұстанған идеяларды өз шығармаларында насихаттағандығын көреміз. Ғалым Д. Қамзабекұлы: «Мәшһүр Жүсіптің жол нұсқап, оқулық жазған ағартушы емес. Ол – діндар, ақын, азамат ретінде заманның амалын ойлаған, ағартушылық кезеңнің жүйелі болуына тілеуқор адам», – деп баға береді [4].

Қорытынды

Мәшһүр Жүсіптің ағартушылық кезеңнің идеяларымен өзектес ойлары ұлт еркіндігі, ел бірлігі, білім мен ғылымға ұмтылысына деген тілектестігімен ғана емес, Ресейді мекендеген мұсылмандар біріксе деген ойымен де өзгеше. Ақын шығармаларында білім, дін, жер еркіндігі елдің, ұлттың өзінің бостандығымен, еркіндігімен ғана келетіндігін айтумен маңызды. Сондықтан да осы бағыттағы күресті қолдап, оған тілекші болған ақын шығармаларындағы идеялар өз кезеңінің алдыңғы қатарлы ой-тұжырымдары екені анық.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Жетпіс бап. – Павлодар : ЖК «Сыгин А. А.» баспаханасы, 2021. – 321-б.

2 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы**. 10-том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2023. – 264-б.

3 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы**. Шығармалары. 4 том. – Павлодар : ЭКО ҒӨФ, 2004. – 535-б.

4 **Қамзабекұлы, Д.** Алаш және әдебиет. – Астана : Фолиант, 2002. – 474-б.

5 **Мәшһүр Жүсіп К.** Суреткер акын // Кітапта : Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. – Павлодар : ЭКО ҒӨФ, 2004. – 535-б.

6 **Cary Adkinson Structural Dimensions** Intelligence Gathering and the Interpretation of Democratic Values // Encyclopedia of Violence, Peace, & Conflict (Third Edition) – Volume 3. – 20227 – 2946 p. Language: English. Published: January 20, 2022. Imprint: Academic Press. Hardback ISBN : 9780128201954. eBook ISBN: 9780128203125.

7 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы** Таңдамалы. Хандар. – Павлодар : ҒӨФ «ЭКО», 2018. – 486-б.

8 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы** / 3-том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2023. – 200-б.

9 **Қамзабекұлы Д.** Түркі алқасы. – Нұр-Сұлтан : «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. – 392-б.

10 **Байтұрсынов А.** Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы : Жалын, 1991. – 464-б.

11 **Торайғыров, С.** Сарыарқаның жаңбыры. 1-кітап. Өлеңдер. – Алматы : Жазушы, 1987. – 160-б.

12 Stanford Encyclopedia of Philosophy Enlightenment [Electronic resource]. – <https://plato.stanford.edu/entries/enlightenment/>.

References

1 **Mashkhur Zhusip Kopeiuly** Zhetpys bap [Article Seventy]. – Pavlodar : printing house IP «Sytin A. A.», 2021. – p. 321.

2 **Mashkhur Zhusip Kopeiuly**. 10- tom [Volume 10]. – Pavlodar : LLP NF «ECO», 2023. – p. 264.

3 **Mashkhur Zhusip Kopeiuly**. Shygarmalary. 4 tom [Works. Volume 4]. – Pavlodar: NF «ECO», 2004 – p. 535 .

4 **Kamzabekuly, D.** Alash zhane literature [Alash and literature] – Astana : Foliant, 2002. – 474 p.

5 **Mashkhur Zhusup K.** Suretker akyn [Artist poet] // in the book: Mashkhur Zhusup Kopeiuly. Works. Volume 4. – Pavlodar: eco NF, 2004 – p.535.

6 **Cary Adkinson Structural Dimensions** Intelligence Gathering and the Interpretation of Democratic Values //Encyclopedia of Violence, Peace, & Conflict

(Third Edition) Volume 3, 20227 No. of pages: 2946 Language: English Published: January 20, 2022 Imprint: Academic Press Hardback ISBN: 9780128201954 eBook ISBN: 9780128203125

7 **Mashhur Zhusip Kopeiuly** Tandamaly. Khandar [Selective. Khans] – Pavlodar: NF «ECO», 2018 – 486 P.

8 **Mashhur Zhusip Kopeiuly** / Tom 3 [Volume 3] – Pavlodar: LLP NF «ECO», 2023. 200 P.

9 **Kamzabekuly, D.** Turki alkasy [Turkic collegium] -Nur-Sultan: public Foundation «Alashorda» – 2021. – p.392.

10 **Baitursynov, A.** Ak zhol: olender men tarzhimeler, makalalar zhane adebi zertteuler [Ak Zhol: poems and poems, publ. articles and literary research] / comp. R. Nurgaliyev. – Almsaty: Zhalyyn, 1991. – p. 464.

11 **Toraigyrov, S.** Rain of Saryarka-Almaty: writer, 1987.book 1. Poems. – p. 160.

12 Stanford Encyclopedia of Philosophy Enlightenment <https://plato.stanford.edu/entries/enlightenment/>

13.10.23 ж. баспаға түсті.

10.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Е. Алтаева

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республики Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 13.10.23.

Поступило с исправлениями 10.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

МАШХУР ЖУСУП И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ С ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ, ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ ИДЕЕЙ

Казахское просвещение, как один из главных признаков освобождения страны, выдвинуло идеи стремления к свободе, пробуждения сознания путем просвещения нации посредством образования и науки. Такие идеи присутствуют и в произведениях Машхур Жусупа Копейұлы. Поэт, рано познавший суть образования и чтения и осознавший, что будущее нации в научных знаниях, в произведениях о собственной жизни, пропагандирует образование. Образование, наука, которые Машхур Жусуп ценит как богатство, способствующее материальному благу человека и являющееся

источником человечности, открывающим человеческую душу. Поэт стремится сделать ислам средством гуманизации страны, начала добра. Религия воспринимается как основа образования и науки, а не как элемент, использующийся в ритуалах по стереотипу, сложившемуся в казахском обществе. Просветительские мысли писателя направлены на то, что свобода народа – это средство защиты от кого-то, а не уничтожение невежества. В статье основное внимание уделено значимости общественной мысли и грамотного руководителя. Раскрыты стилистические признаки в произведениях Машхура Жусупа символа «сон». Доказано, что произведения Машхура Жусупа просветительской тематики важны темами, раскрывающими образ общества того времени с его потребностями.

Ключевые слова: поэт, просвещение, религия, образование, наука, сон, руководитель, доброжелательность.

**G. E. Altayeva*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 13.10.23.

Received in revised form 10.04.24.

Accepted for publication 03.06.24.

MASHKHUR ZHUSUP AND CONTINUITY WITH THE ENLIGHTENMENT, LIBERATION IDEA

The Kazakh enlightenment, as one of the main signs of the liberation of the country, put forward the ideas of striving for freedom, awakening consciousness by enlightening the nation through education and science. Such ideas are also present in the works of Mashkhur Zhusup Kopeyuly. The poet, who early learned the essence of education and reading and realized that the future of the nation lies in scientific knowledge, promotes education in works about his own life. Education, science, which Mashkhur Zhusup values as wealth that contributes to the material well-being of a person, and is a source of humanity that opens the human soul. The poet seeks to make Islam a means of humanizing the country, the beginning of good. Religion is perceived as the basis of education and science, and not as an element used in rituals according to the stereotype that has developed in Kazakh society. The writer's educational thoughts are aimed at the fact that the freedom of the people is a means of protection from someone, and

not the destruction of ignorance. The article focuses on the importance of public thought and a competent leader. The stylistic features in the works of Mashhur Zhusup of the symbol «dream» are revealed. It is proved that the works of Mashkhur Zhusup on educational topics are important topics that reveal the image of society at that time with its needs.

Keywords: poet, enlightenment, religion, education, science, sleep, leader, benevolence.

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz